ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТҮТІН СЕЗЕТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ. РАДИОИЗОТОПТЫҚ.

Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері

ИЗВЕЩАТЕЛИ ПОЖАРНЫЕ ДЫМОВЫЕ. РАДИОИЗОТОПНЫЕ.

Общие технические требования. Методы испытаний

ҚР СТ 1235-2004

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТҮТІН СЕЗЕТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ. РАДИОИЗОТОПТЫҚ.

Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері

ҚР СТ 1235-2004

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс жөніндегі арнайы ғылыми-зерттеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны **ӘЗІРЛЕДІ**

2 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі департаменті **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 31 мамырдағы 2004 жылғы № 144 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚҰШІНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандарт МЭК-839-1-1-88 «Дабыл сигнализациясының жүйелері. I-бөлім. Жалпы талаптары. 1-тарау. Жалпы талаптары» халықаралық стандарттың талаптарына стандартқа енгізілген және мәтінде курсивпен белгіленген техникалық талаптар бөлімі бойынша сәйкес.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ 2009 жыл
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	3
4	Жіктелуі	3
5	Жалпы техникалық талаптар	3
6	Қауіпсіздік талаптары	6
7	Сынау әдістері	7
А қосымшасы	Радиоизотопты хабарлағыштарды қабылдау-өткізу, мерзімдік және сертификаттық сынаудың ауқымы мен бірізділігі	21
Б қосымшасы	Библиография	25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТҮТІН СЕЗЕТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ. РАДИОИЗОТОПТЫҚ.

Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері

Енгізілген күні 2005.06.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын отандық және шет елде шығарылатын түтін сезетін радиоизотоптық өрт хабарлағыштарына (бұдан әрі мәтінде-радиоизотоптық хабарлағыштар) таралады, олардың жалпы техникалық талаптары мен сынау әдістерін белгілейді.

Стандарттың ережелері өнім шығаруды әзірлеуде және ұйымдастыруда, жетілдіруде және өнімді өткізуде қолданылады.

Осы стандарт өртті табудың автоматты құралдары ретінде ғимарат бөлмелерінде және әртүрлі құрылыстарда пайдалануға араналған радиоизотоптыққ хабарлағыштарға таралады.

Радиоизотоптық хабарлағыштар өлшеу құралдары болып табылмайды.

Стандарт қауіпті ортаның ауасы ықтиярсыз әкеленетін түтін сезетін радиоизотоптық өрт хабарлағыштарына және арнайы мақсаттағы хабарлағыштарға таралмайды.

Осы стандартта келтірілген радиоизотоптық хабарлағыштардың техникалық талаптары мен сынау әдістері міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР СТ 1166-2002 Өрт сөндіру техникасы. Жіктелуі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1167-2002 Өрт сөндіру автоматикасы. Жіктелуі. Терминдер мен анықтамалар.

Ресми басылым

ҚР СТ 1187-2003 Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 50898-2004 Өрт хабарлағыштары. Отқа төзімділігін сынау әдістері.

ГОСТ 2.601-95 ҚҚБЖ. Пайдалану құжаттары

ГОСТ 9.014-78 ТЕСБЖ. Бұйымның тот басудан уақытша қорғанышы. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.004 - 91. ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003-91 ЕҚСЖ. Өндірістік жабдықтар. Қауіпсіздігінің жалпы талаптары.

ГОСТ 12.2.006 - 87 (ХЭК 65-85) Ұялы электронды аппаратура мен оған ұқсас тұрмыстық және жалпы пайдалануға арналған құрылғының қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 12.2.007.0-75 ЕҚСЖ. Электротехникалық бұйымдар. Қауіпсіздігінің жалпы талаптары.

ГОСТ 27.410-87 Техниканың сенімділігі. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау әдістері және сенімділікті тексеру сынақтарының жоспары.

ГОСТ 3935-81 Темекі. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 14254-96 (ХЭК 529-89) Сыртқы қабат қамтамасыз ететін қорғану дәрежесі. (Код IP).

ГОСТ 17925-72 Радиациялық қауіп белгісі.

ГОСТ 22522-91 Радиоизотоптық өрт хабарлағыштары. Жалпы техникалық шарттары.

ГОСТ 28199-89 (МЭК 68-2-1-74) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі әдістері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ А: Суық.

ГОСТ 28200-89 (МЭК 68-2-2-74) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі әдістері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ В: Құрғақ жылу.

ГОСТ 28201-89 (МЭК 68-2-3-69) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі әдістері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Са: Ылғалды жылу, тұрақты режим

ГОСТ 28203-89 (МЭК 68-2-6-82) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі әдістері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Fc және жетекшілік: Діріл (синусоидальді).

ГОСТ 28213-89 Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі әдістері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Еа және жетекшілік: Дара соққы.

3 Анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1166 және ҚР СТ 1167 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4. Жіктелуі

4.1 Өрт хабарлағыштарының жіктелуі ҚР СТ 1187 бойынша.

4.2 Оған қосымша осы стандартта радиоизотоптық хабарлағыштардың шығу дабылы түрлері бойынша жіктелуі белгіленген.

4.2.1 Радиоизотоптық хабарлағыштар екі түрге бөлінеді:

- шығу дабылы дискретті;
- шығу дабылы тақылеттес.

5. Жалпы техникалық талаптар

5.1 Арналу талаптары

5.1.1 Радиоизотоптық хабарлағыштар осы стандарттың және белгіленген тәртіппен бекітілген хабарлағыштардың нақты түріне арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.1.2 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы салыстырмалы бірліктің 0,2-ден 3,0 дейінгі шамасында болуы тиіс.

5.1.3 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы іске қосылу мөлшеріне тәуелді болмауы тиіс (қайталанғыштық).

5.1.4 *Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы ауа ағыны бағытының өзгеруіне тәуелді болмауы тиіс.*

5.1.5 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы барлық үлгілер үшін бірдей болуы тиіс (қалпына келу).

5.1.6 *Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы ауа ағыны* 1,0 (±0,1) м · $с^{-1}$ жылдамдықпен *әсер еткенде өзгермеуі тиіс.*

5.1.7 Ауа ағынының (10,0 ± 0,5) м · $с^{-1}$ жылдамдығында радиоизотоптық хабарлағыш «Дабыл» жалған дабылын бермеуі тиіс.

5.1.8 *Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу дабылы жану өнімдерінің* (аэрозоль) *әсер етуі аяқталғаннан кейін сақталуы тиіс.*

5.1.9 Шығу дабылы тақылеттес радиоизотоптық хабарлағыш бақыланатын жану өнімдері (аэрозоль) қоспасының шығу дабылына бірмағыналы айналуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.1.10 Радиоизотоптық хабарлағыштар ҚР СТ ГОСТ Р 50898 талаптарына сәйкес табиғаты әртүрлі түтіндерді сезгіштігі бойынша жіктелуі тиіс.

5.2 Сенімділік талаптары

5.2.1 *Радиоизотоптық хабарлағыш тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуге арналуы тиіс.*

5.2.2 Радиоизотоптық хабарлағыштың орташа істемей қалу көрсеткіші 60000 сағаттан кем болмауы тиіс.

Ескерту - Бұзылмауының, сақталуының және ұзаққа жарамдылық көрсеткіштерін нормалау шарттары радиоизотопты хабарлағыштың техникалық құжаттамасында көрсетілуі тиіс.

5.3 Сыртқы әсер факторларына беріктігіне қойылатын талаптар

5.3.1 *Радиоизотоптық хабарлағыш* мәні хабарлағыштың техникалық құжаттамасында белгіленген, бірақ 55 ^{0}С-тан төмен болмайтын *жоғары температура әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.*

5.3.2. *Радиоизотоптық хабарлағыш* мәні хабарлағыштың техникалық құжаттамасында белгіленген, бірақ 10 ^{0}С-тан жоғары болмайтын *төмен температура әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.*

5.3.3 *Радиоизотоптық хабарлағыш* 40 ^{0}С температурада (95 ± 3) % *ауадағы салыстырмалы ылғалдылық әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.*

5.3.4 *Радиоизотоптық хабарлағыш мынадай сипаттамалары бар дара соққы әсер еткеннен кейін жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс:*

- соққы серпінінің пішіні - жартылай синусоид;

- соққы серпінінің ұзақтығы - 6 мс;

- үдету шегі - (100-20M)g,

мұнда, М - хабарлағыштың салмағы (кг);

g - жердің тартылыс күшімен шарттасқан стандартты үдету;

- соққы әсер ететін бағыттардың саны - 6;

- әр бағытта соққылау саны - 3.

5.3.5 Радиоизотоптық хабарлағыш күші (1,9 ± 0,1) Дж тікелей механикалық соққының әсерінен кейін жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.

5.3.6 *Радиоизотоптық хабарлағыш* 10-нан 55 Гц-ке дейінгі жиілік ауқымында ығысу амплитудасы 0,35 мм *синусоидальді діріл әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.*

5.3.7 Радиоизотоптық хабарлағыштарға тоқ кернеуінің номиналды мәнін: 6, 9, 12, 18, 20, 24 және 30 В қатарынан таңдау қажет.

5.3.8 *Радиоизотоптық хабарлағыш тоқ кернеуінің* номиналды мәннен ±10 % мөлшерінде *өзгеруіне берік болуы тиіс.*

5.3.9 *Радиоизотоптық хабарлағыш тоқ кернеуінің полярлылығының өзгеруіне шыдамды болуы тиіс.*

5.3.10 Радиоизотоптық хабарлағыш тұтынатын тоқ күшінің мәні 0,3 Вт аспауы тиіс.

5.4 Құрылымына қойылатын талаптар

5.4.1 *Радиоизотоптық хабарлағыш оның жұмысқа қабілеттілігін тексеруге арналған құрылғымен жабдықталынуы тиіс.*

5.4.2 *Радиоизотоптық хабарлағыштың қызыл түсті салынбалы оптикалық іске қосылу индикаторы болуы тиіс.*

5.4.3 Радиоизотоптық хабарлағыштың қорғалу деңгейі ГОСТ 14254 сәйкес болуы тиіс. Қабықтың ішіне қатты денелердің түсуінен қорғауды сипаттайтын бірінші сан 4-тен кем болмауы тиіс.

5.4.4 Радиоизотоптық хабарлағыштардың салмағы мен габариттік көлемдері, оның техникалық құжаттамасында белгіленген мәнге сәйкес болуы тиіс.

5.5 Жинақталынуы

5.5.1 Радиоизотоптық хабарлағыштың жеткеру жинағы оны жинақтау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізуді және стандартқа сәйкес келмейтін жабдықтар мен аспаптарды қолданбай пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.2 Қоса берілетін жалғастырғыш тетіктер мен қосалқы бөлшектердің тізімі және мөлшері радиоизотоптық хабарлағыштың техникалық паспортында белгіленуі тиіс

5.5.3 ГОСТ 2.601 сәйкес орындалған *пайдалану құжаттамасы бұйымдарға қоса берілуі тиіс.*

5.6 Орау

5.6.1 Радиоизотоптық хабарлағыштар ГОСТ 9.014 талаптарына сәйкес тот басудан қорғалған тұтыну қорабына орап салынуы.

5.6.2 Радиоизотоптық хабарлағыштар тасымалдау және сақтау кезінде оны зақымдалудан қорғау мақсатында тасымалдауыш ыдыска салынуы тиіс.

5.6.3 Радиоизотоптық хабарлағыштарды температурасы 15-тен 40 ^{0}С-қа дейін, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %, коршаған ортада агрессивті қоспалары жоқ, желдетілетін жабық бөлмеде орау қажет

5.7 Таңбалау

5.7.1 *Радиоизотоптық хабарлағышты таңбалау құрамында мынадай мәліметтер болуы тиіс:*

- шартты белгісі;

- дайындалған жылы;

- ГОСТ 14254 бойынша хабарлағыш қабығының қорғалу деңгейі;

- дайындаушының тауарлық белгісі;

- реттік нөмірі;

- пайдаланылатын радионуклид түрінің көрсетілуі;

- ГОСТ 17925 бойынша радиациялық қауіп белгісі;

- иондаушы сәуле көзінің белсенділігі.

Қосымша жазбалар радиоизотоптық хабарлағыштың техникалық құжаттамасында көрсетілуі тиіс.

5.7.2 Таңбаны салу орны және әдісі радиоизотоптық хабарлағыштың техникалық құжаттамасындағы сызбаларда көрсетілуі тиіс.

5.7.3 Тасымалдау таңбаларының мазмұны мен салу орны ГОСТ 14192 және Б қосымшасының [3] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6. Қауіпсіздік талаптары

6.1 *Радиоизотоптық хабарлағыш* ГОСТ 12.1.004 және ГОСТ 12.2.007.0 бойынша *қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.*

6.2 *Радиоизотоптық хабарлағыш бұзылған жағдайда* ГОСТ 12.2.006 сәйкес *қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыруы тиіс.*

6.3 *Радиоизотоптық хабарлағыштар электр қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болуы, жинақтау және реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қызмет көрсетуші құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз*

етуі, ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.007.0 талаптарына сәйкес болуы және радиоизотоптық хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық құжаттамада белгіленуі *тиіс*.

6.4 Радиоизотоптық хабарлағыштар Б қосымшасының [1] и [2] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Радиоизотоптық хабарлағыштардың үстіндегі гамма- және рентген сәулелерінің эквивалентті мөлшерінің күші ықтимал анық мәні бойынша нормалануы және 3мкЗв $\cdot c^{-1}$ аспауы тиіс.

Альфа- және бета- сәулелі радиоизотоптық хабарлағыштың белсенділігі ықтимал анық мәні бойынша нормалануы және 185 кБк аспауы тиіс.

7. Сынау әдістері

7.1 Жалпы ережелері

7.1.1 2 Радиоизотоптық хабарлағыштар мынадай сынақ түрлерінен өткізіледі:

а) қабылдау-өткізу;

ә) мерзімдік;

б) типтік;

в) ақырғы;

г) сертификаттау.

7.1.2 Қабылдау-өткізу сынақтарының көлемі радиоизотоптық хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық құжаттама белгіленеді.

7.1.3 Мерзімдік сынақтардың көлемі, сыналатын хабарлағыштардың саны радиоизотоптық хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық құжаттамада белгіленеді

7.1.4 Типтік сынақтарды радиоизотоптық хабарлағыштардың құрылымына немесе дайындау технологиясына енгізілген өзгерістер ықпал етуі мүмкін параметрлерді (сипаттамалар) міндетті тексеруді көздейтін бағдарлама бойынша жүргізеді.

7.1.5 Сенімділігін ақырғы сынауға ұсынылатын радиоизотоптық хабарлағыштар қабылдау-өткізу сынақтарынан өтуі тиіс.

Сенімділігін ақырғы сынауды, олардың нәтижелерін бағалауды дайындаушы кәсіпорын әзірлеген бағдарлама мен сынау әдісі бойынша, ГОСТ 27.410 және радиоизотоптық хабарлағыштың техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізеді.

7.1.6 Радиоизотоптық хабарлағыштардың қабылдау-өткізу, мерзімдік және сертификаттау сынақтарының ауқымы және бірізділігі А қосымшасының А.1 кестесінде көрсетілген.

7.1.7 Сынақтарды жүргізу кезіндегі параметрлерін өлшеу дәлдігінің қателігі 5 %-тен аспауы тиіс.

7.1.8 Сынақтарды температурасы 18-ден 29 °С-қа дейінгі, салыстырмалы ылғалдылығы 45-тен 75 %-ке дейінгі және атмосфералық қысымы 86-дан 106 кПа-ға дейінгі қалыпты жағдайда жүргізеді.

7.1.9 Радиоизотоптық хабарлағыштарды сынауды А қосымшасының А.2 кестесінде көрсетілген сынау бағдарламасына сәйкес жүргізеді.

7.1.10 Радиоизотоптық хабарлағыштарды сынауда қолданылатын бақылау-өлшеуіш аппаратурасы, жабдықтар мен көмекші құралдар стандарттарға және радиоизотоптық хабарлағыштардың техникалық құжаттамаларына сәйкес болуы, тексерілуі немесе белгіленген тәртіппен аттестациялануы тиіс.

7.1.11 Радиоизотоптық хабарлағыштарды сынау үшін мөлшері мен техникалық сипаттамалары ГОСТ 22522 талаптарына сәйкесетін сынақ камерасын қолдану қажет.

7.1.12 Сынау кезінде радиоизотоптық хабарлағыштардың іске қосылу табалдырығын төмендегі формула бойынша есептелетін бақылауыш ионизациялық камерадағы токтың салыстырмалы өзгерісі бойынша анықтайды:

$$Y = I_0 \cdot I^1 - I \cdot I_0^{-1}, \qquad (1)$$

мұнда I_0 - ауасы таза бақылауыш ионизациялық камерадағы ток, А;

I - ішінде аэрозоль бар бақылауыш ионизациялық камерадағы ток, А.

7.1.13 Сынақ камерасындағы түтін қоспасын (аэрозоль) анықтау үшін ГОСТ 22522 бойынша бақылауыш ионизациялық камера пайдалануы тиіс.

7.1.14 Радиоизотоптық хабарлағыштарды сынау кезінде түтін қалыптастырғыш материал ретінде ГОСТ 3935 бойынша мақта-матадан жасалған пілте немесе темекі түтіні пайдаланылуы тиіс.

Түтін қалыптастырғыш материал ретінде парафин майы пайдаланылатын, аэрозоль бөлшектерінің орташа диаметрі 0,5-тен 1,0 мкм-ге дейін және бөлшектерінің жалтару көрсеткіші (1,4 ± 0,1) аэрозоль түзілдіргішті пайдалануға рұқсат етіледі.

Түзілетін аэрозоль бөлшектерінің сипаттамалары сынақ жүргізу уақытында тұрақты болуы тиіс

7.2 Сынақ жүргізу тәртібі

7.2.1 Іске қосылу табалдырығы (5.1.2 т.) және іске қосылу табалдырығы мәндерінің қайталанғыштығы (5.1.3 т.)

Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын және іске қосылу табалдырығының іске қосылу мөлшеріне тәуелділігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.1.1 Тексерілетін радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына жұмыс қалпында орнатады және қосылған күйінде 15 мин ұстап тұрады.

Сынақ камерасындағы радиоизотоптық хабарлағышты ауа ағынының бағытына қарай бағдарлауды еркін таңдалады, бірақ барлық сынақтар үшін тұрақты болуы тиіс.

7.2.1.2 Сынақ камерасында ауа ағынының (0,20 ± 0,04) $м \cdot с^{-1}$ тепе-тең жылдамдығын орнатады.

7.2.1.3 Жану өнімдерінің (аэрозоль) мына тепе-теңсіздікті қанағаттандыратын қоспасын қалыптастырады:

$$0{,}015 \le \Delta Y \cdot \Delta t^{-1} \le 0{,}3, \qquad (2)$$

мұнда, ΔY - жану өнімдері қоспасының өзгеру мөлшері;

Δt - өлшеулер арасындағы уақыт аралығы, мин.

7.2.1.4 Радиоизотоптық хабарлағыштар іске қосылған сәтте осы стандарттың (1) формуласы бойынша есептелетін іске қосылу табалдырығын анықтайды.

7.2.1.5 Сынақтарды алты рет қайталайды.

7.2.1.6 Радиоизотоптық хабарлағыш іске қосылу табалдырығының ең көп $Y_{ең\ көп}$ және ең аз $Y_{ең\ аз}$ мәндері мен $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын анықтайды.

7.2.1.7 Егер $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту - Радиоизотоптық хабарлағыш іске қосылу табалдырығының ең аз мөлшері 0,2 кем болмауы тиіс.

7.2.2 Ауа ағыны бағытының өзгеруіне беріктігі (5.1.4 т.)

Хабарлағыштың ауа ағыны бағытының өзгеруіне беріктігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.2.1 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.2.1.2 т. сәйкесетін жағдайларда қосады.

7.2.2.2 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен сегіз рет анықтайды. Әрбір іске қосылу табалдырығын анықтау алдында хабарлағышты тік осінің айналасында (45 ± 3)° бұру қажет.

7.2.2.3 Ең көп $Y_{ең\ көп}$ және ең аз $Y_{ең\ аз}$ анықтайды, $Y_{ең\ көп}$ /$Y_{ең\ аз}$ қатынасын есептейді.

7.2.2.4 Егер $Y_{ең\ көп}$ /$Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту

1 Радиоизотоптық хабарлағыш іске қосылу табалдырығының ең аз мөлшері 0,2 кем болмауы тиіс.

2 Келесі сынақтарда радиоизотоптық хабарлағышты тексеру кезінде жану өнімдері қоспасының (аэрозоль) ең көп мәні белгіленген күйі іске қосылу табалдырығының ең аз күйі деп саналады, радиоизотоптық хабарлағышты тексеру кезінде жану өнімдері қоспасының (аэрозоль) ең аз мәні белгіленген күйі іске қосылу табалдырығының ең көп күйі деп саналады

7.2.3 Іске қосылу табалдырығының қалпына келгіштігі (5.1.5 т.)

Радиоизотоптық хабарлағыштар іске қосылу табалдырығы мәнінің қалпына келгіштігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.3.1 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығының ең аз күйінде орналастырады.

7.2.3.2 Барлық сыналатын радиоизотоптық хабарлағыштардың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіс бойынша анықтайды.

7.2.3.3 $Y_{ең\ көп}$, $Y_{ең\ аз}$ және сыналатын радиоизотоптық хабарлағыштардың іске қосылу табалдырығының орташа арифметикалық мәнін $Y_{орташа}$ анықтайды.

7.2.3.4 Егер мына теңсіздік орындалса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады:

$$Y_{ең\ көпс}/Y_{орташа} \leq 1{,}33, \qquad (3)$$

$$Y_{орташа}/Y_{ең\ аз} \leq 1{,}5. \qquad (4)$$

Ескерту - $Y_{ең\ аз}$ 0,2 кем болмауы тиіс.

7.2.4 Ауа ағынының әсеріне беріктігі (5.1.6 - 5.1.7 тт.)

Радиоизотоптық хабарлағыштың ауа ағыны әсеріне беріктігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.4.1 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.2.1.2 т. сәйкесетін жағдайларда қосады.

7.2.4.2 Іске қосылу табалдырығы ең аз $Y_{(0,2)ең\ аз}$ және ең көп $Y_{(0,2)ең\ көп}$ күйлері үшін радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.4.3 Сынақ құрылғысында ауа ағыны жылдамдығының (1,0 ± 0,2) м· $с^{-1}$ тепе-тең мәнін белгілейді.

7.2.4.4 Іске қосылу табалдырығы ең аз $Y_{(1,0)ең\ аз}$ және ең көп $Y_{(1,0)ең\ көп}$ күйлері үшін радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.4.5 Бағдарлануы барынша сезгіш сынақ камерасына орнатылған радио-изотопты хабарлағыш үлгісіне жылдамдығының мәні 5 мин ішінде (10,0 ± 0,5) м ·$с^{-1}$ құрайтын ауа ағынының (аэрозолсыз) әсері тигізілуі тиіс.

7.2.4.6 Егер төмендегі қатынас орындалса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады:

$$0{,}67 \leq [Y_{(0,2)\ ең\ аз} + Y_{(0,2)\ ең\ көп}]\cdot[Y_{(1,0)\ ең\ аз} + Y_{(1,0)\ ең\ көп}]^{-1} \leq 1{,}5. \qquad (5)$$

7.2.4.7 Радиоизотоптық хабарлағыш оған аэрозолсыз ауа ағыны әсер еткенде (7.2.4.5 т. бойынша) «Дабыл» дабылын бермеуі тиіс.

7.2.5 Аэрозоль әсер етуі аяқталғаннан кейін іске қосылу дабылының сақталуы (5.1.8 т.)

Аэрозоль әсер етуі аяқталғаннан кейін радиоизотоптық хабарлағыш іске қосылу дабылының сақталуын тексеру мынадай бірізділікпен жүргізіледі.

7.2.5.1 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.3 тт. мазмұндалған әдіс бойынша жасайды.

7.2.5.2 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасынан шығарып алады.

7.2.5.3 Егер жану өнімдерінің (аэрозоль) әсер етуі аяқталғаннан кейін іске қосылу дабылы сақталса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.6. Бақыланатын аэрозоль қоспасының шығу дабылына бірмағыналы айналуы (5.1.9 т.)

Шығу дабылы тақылеттес радиоизотоптық хабарлағышпен бақыланатын аэрозоль қоспасының шығу дабылына бірмағыналы айналуын тексеруді мынадай бірізділіклен жүргізеді.

7.2.6.1 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығының ең аз күйінде орналастырады.

7.2.6.2 Сыналатын радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіс бойынша жасайды.

Сынақ кезінде (15 с бір рет) сынақ камерасындағы аэрозоль қоспасының мәнін және өрт хабарын қабылдау-тексеру құралының сүйреткісіне қосылған сыналатын хабарлағышпен берілетін оларға сәйкес қоспаның мәнін белгілейді.

7.2.6.3 Егер сынақ камерасындағы жану өнімдері қоспасының алынған мәні сыналатын хабарлағышпен анықталған мәннен 20% аспайтын шамада ауытқыса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.7 Радиоизотоптық хабарлағыштардың табиғаты әртүрлі түтіндерді сезуін анықтау үшін отқа төзімділігін сынауды (5.1.10) ҚР СТ ГОСТ Р 50898 бойынша реттелетін сынау әдістеріне сәйкес жүргізеді.

7.2.8 Жоғары температураның әсеріне беріктігі (5.3.1 т.)

Радиоизотоптық хабарлағыштың жоғары температура (құрғақ жылу) әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауын тексеруді ГОСТ 28200 бойынша В сынау әдісіне сәйкес мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.8.1 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады және қосылған қалпында 15 мин. бойы ұстайды.

7.2.8.2 Сынақ камерасындағы температураны 1 °С·мин$^{-1}$ аспайтын жылдамдықпен (55 ± 2) °С дейін жоғарылатады және оптикалық хабарлағышты 2 сағат бойы ұстайды.

7.2.8.3 Радиоизотоптық хабарлағыштың (55 ± 2) °С температурада іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және 7.2.3 т. бойынша сынақтарда алынған іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2-7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.8.4 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.9 Төмен температураның әсеріне беріктігі (5.3.2 т.)

Радиоизотоптық хабарлағышқа қоршаған ортаның төмен температурасы әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауын тексеруді ГОСТ 28199 бойынша А сынау әдісіне сәйкес мынадай бірізділікпен жүргізеді

7.2.9.1 Радиоизотоптық хабарлағышты температурасы қалыпты жағдайға сәйкесетін суық камерасына қосылған қалпында орналастырады.

7.2.9.2 Камерадағы температураны техникалық құжаттамада көрсетілген төменгі шекке дейін 1 °С·мин$^{-1}$ аспайтын жылдамдықпен төмендетеді және температураны көрсетілген шекте 2 сағат бойы ұстап тұрады

7.2.9.3 Ұсталым аяқталғаннан кейін радиоизотоптық хабарлағышты камерада қалдыру керек, ондағы температура 5.3.2 т. көрсетілген мәнге дейін біртіндеп жоғарылатылуы тиіс.

7.2.9.4 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.1.8 т. көрсетілген жағдайларда 1 сағат бойы ұстайды.

7.2.9.5 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.9.6 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және 7.2.3 т. бойынша сынақтарда өлшенген іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.9.7 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.10 Жоғары ылғалдылықтың әсеріне беріктігі (5.3.3 т. бойынша)

Радиоизотоптық хабарлағышқа жоғары ылғалдылық (ылғал жылу) әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауын тексеруді ГОСТ Т 28201 бойынша Са сынау әдісіне сәйкес мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.10.1 Радиоизотоптық хабарлағышты температурасы қалыпты жағдайға сәйкесетін жылу және ылғал камерасына қосылған қалпында орналастырады. Хабарлағышты қосылған қалпында 15 мин. бойы ұстайды

7.2.10.2 Камерадағы салыстырмалы ылғалдылықты плюс (40 ± 2) °С температурада (93 ±3) % дейін жеткізеді және радиоизотоптық хабарлағышты осы жағдайда 2 тәулік бойы ұстайды.

7.2.10.3 Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін радиоизотоптық хабарлағышты 7.1.8 т. көрсетілген жағдайларда 1 с бойы ұстайды.

7.2.10.4 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.10.5 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және 7.2.3 т. бойынша сынақтарда өлшенген іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2-7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.10.6 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.11 Дара механикалық соққыларға беріктігі (5.3.4 т.)

Радиоизотоптық хабарлағышқа дара механикалық соққы әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауын тексеруді ГОСТ 28213 бойынша сынау әдісіне сәйкес мынадай бірізділікпен жүргізеді

7.2.11.1 Механикалық зақымдалудың жоқтығына көз жеткізу үшін радио-изотопты хабарлағыштың құрамдас бөліктерін қарап тексереді.

7.2.11.2 Радиоизотоптық хабарлағышты қосылған қалпында 15 мин. бойы ұстайды.

7.2.11.3 Параметрлері 5.3.4 т. көрсетілген өзара перпендикуляр үш ось бойынша алты бағытта тізбектелген үш соққы береді.

7.2.11.4 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.11.5 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және 7.2.3 т. бойынша сынақтарда өлшенген іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2-7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.11.6 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.12 Тікелей механикалық соққыға беріктігі (5.3.5 т.)

7.2.12.1 Радиоизотоптық хабарлағыштың күші 1,9 Дж тікелей механикалық соққы әсеріне беріктігін ҚР СТ 1187 бойынша сынау әдісіне сәйкес жүргізеді

7.2.12.2 Тексеру аяқталғаннан кейін радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.12.3 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және сол хабарлағышты 7.2.3 т. бойынша сынағанда алынған іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2-7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.12.4 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса, механикалық зақымдалу болмаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.13 Синусоидальді дірілге беріктігі (5.3.6 т.)

Радиоизотоптық хабарлағышқа синусоидальді діріл әсер еткенде жұмысқа қабілеттілігін сақтауын тексеруді ГОСТ 28203 бойынша сынау әдістеріне сәйкес мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.13.1 Механикалық зақымдалудың жоқтығына көз жеткізу үшін радио-изотопты хабарлағыштың құрамдас бөліктерін қарап тексереді.

7.2.13.2 Қосылып тұрған хабарлағышқа параметрлері 5.3.6 т. көрсетілген өзара перпендикуляр үш бағытта діріл әсерін тигізеді, осьтердің біреуі қалыпты жинақтау жазықтығына перпендикулярлы болуы тиіс.

7.2.13.3 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.13.4 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және сол хабарлағышты 7.2.3 т. бойынша сынағанда алынған іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.13.5 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.14 Тоқ кернеуінің өзгеруіне беріктігі (5.3.7 - 5.3.8 тт.)

Радиоизотоптық хабарлағыштың тоқ кернеуінің өзгеруіне беріктігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.14.1 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады, тоқтың номиналды мәнін белгілейді және қосылған қалпында 15 мин. бойы ұстайды.

7.2.14.2 Хабарлағыштың техникалық құжаттамасында көрсетілген тоқ кернеуінің жоғарғы шегіне сәйкесетін радиоизотоптық хабарлағыштың тоқ кернеуін белгілейді. Хабарлағышты 5 мин. бойы ұстайды.

7.2.14.3 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығын 7.2.1.2 -7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.14.4 $Y_{ең\ көп}$ және $Y_{ең\ аз}$, $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын анықтайды.

7.2.14.5 Хабарлағыштың техникалық құжаттамасында көрсетілген тоқ кернеуінің төменгі шегіне сәйкесетін радиоизотоптық хабарлағыштың тоқ кернеуін белгілейді және 7.2.14.3, 7.2.14.4 тт. сынақтарды қайталайды.

7.2.14.6 Егер мына теңсіздік орындалса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады:

$$Y_{макс}/Y_{мин} \leq 1,6. \qquad (6)$$

Ескерту

1 Тоқ кернеуінің номиналды мәні 5.3.7 т. келтірілген қатардағы мәндерге сәйкес болуы тиіс.

2 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығының ең аз мәні 0,2 кем болмауы тиіс.

7.2.15 Ток кернеуі полярлылығының өзгеруіне беріктігі (5.3.9 т.)

Радиоизотоптық хабарлағышты қорландырғыш кернеу полярлылығының өзгеруіне беріктігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.15.1 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.2.1.2 т. сәйкес жағдайларда қосады.

7.2.15.2 Ток кернеуінің полярлылығын кері өзгертеді және радиоизотоптық хабарлағышты 5 мин. бойы ұстайды.

7.2.15.3 Ток кернеуінің тікелей полярлылығын қалпына келтіреді.

7.2.15.4 Радиоизотоптық хабарлағышты сынақ камерасына іске қосылу табалдырығы ең аз күйінде орналастырады.

7.2.15.5 Радиоизотоптық хабарлағыштың іске қосылу табалдырығы мен есептеу үшін осы сынақта және сол хабарлағышты 7.2.3 т. бойынша сынағанда алынған іске қосылу табалдырығының мәндері қабылданған $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасын 7.2.1.2 - 7.2.1.4 тт. мазмұндалған әдіспен анықтайды.

7.2.15.6 Егер сынақ кезінде «Ақау», «Дабыл» дабылдары болмаса және $Y_{ең\ көп}/Y_{ең\ аз}$ қатынасы 1,6 аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.16 Тұтынылатын қуат (5.3.10 т.)

Радиоизотоптық хабарлағыш тұтынатын қуаттың мәнін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді

7.2.16.1 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.2.1.2 т. сәйкес жағдайларда қосады.

7.2.16.2 Қорландырғыш кернеудің номиналды мәнінде тұтынылатын ток мәнін өлшейді.

7.2.16.3 Тұтынылатын қуат мәнін мына формула бойынша есептейді:

$$P_{тұтын} = I_{тұтын} \cdot U_{ном}. \qquad (7)$$

7.2.16.4 Егер тұтынылатын қуаттың есептелген мәні осы нормалардың 5.3.10 т. көрсетілген мәннен аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту - Сынақты тек қана хабарлағыш «Дабыл» режиміне ауысқанда дабыл сүйреткісіндегі тоқты көбейту қағидасы пайдаланылатын радиоизотоптық хабарлағыштар үшін жүргізу қажет.

7.2.17 Жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғының бар болуы (5.4.1 т.)

Жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғының және салынбалы іске қосылу оптикалық индикаторының (5.4.2 т.) бар болуын тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді.

7.2.17.1 Радиоизотоптық хабарлағышты 7.2.1.2 т. сәйкес жағдайларда қосады.

7.2.17.2 Жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғыны іске қосады.

7.2.17.3 Іске қосылу оптикалық индикациясының қосылуын бақылайды.

7.2.17.4 Егер жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғыны іске қосқанда радиоизотоптық хабарлағыш өрт хабарын қабылдау-тексеру құралына «Дабыл» дабылын берсе және осының өзінде іске қосылу оптикалық индикациясы қосылса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.18 Қабықтың қорғалу деңгейі (5.4.3 т.)

7.2.18.1 Радиоизотоптық хабарлағыштың қорғалу деңгейін анықтау ГОСТ 14254 бойынша сынау әдістеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2.18.2 Егер сынақ жасалғанда қабықтың қорғалу деңгейінің хабарлағыштың техникалық шарттарында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады. Осының өзінде қорғалу деңгейін белгілейтін бірінші сан 4-тен кем болмауы тиіс.

7.2.19 Салмақ және габариттік көлемдер (5.4.4 т.)

7.2.19.1 Радиоизотоптық хабарлағыштың салмағы мен габариттік көлемдерін анықтау тікелей өлшеу әдісімен жүзеге асырылады.

Электронды таразының көмегімен өлшеу қателігі ± 0,3 г аспайды; штангенциркулі ± 0,05 мм аспайды.

7.2.19.2 Егер радиоизотоптық хабарлағыштың салмағы және габариттік көлемдері хабарлағыштың техникалық құжаттамасында көрсетілген мәнге сәйкес болса ол сынақтан өтті деп саналады.

7.2.20 Таңбалау (5.7 т.)

7.2.20.1 Таңбалауды тексеру сыналатын радиоизотоптық хабарлағыштағы ақпараттың техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау әдісімен жүргізіледі.

7.2.20.2 Егер радиоизотоптық хабарлағыштағы ақпарат оның техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес болса сынақтан өтті деп саналады.

7.2.21 Жинақталуы (5.5 т.)

7.2.21.1 Жинақталуын тексеру радиоизотоптық хабарлағышы бар орау қорабындағы (жәшік) құрамдас бөліктердің техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау әдісімен жүзеге асырылады.

7.2.21.2 Егер радиоизотоптық хабарлағышы бар орау қорабындағы (жәшік) құрамдас бөліктердің құрамы хабарлағыштың реттелетін техникалық құжаттамасының жинақтау тізіміне сәйкес болса сынақтан өтті деп саналады.

7.2.22 Орау (5.6 т.)

7.2.22.1 Радиоизотоптық хабарлағышты ораудың осы стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру орауды ГОСТ 9.014 бойынша тотқа қарсы талаптармен және радиоизотоптық хабарлағыштың техникалық құжаттамасында мазмұндалған орауға қойылатын талаптармен салыстыру әдісімен жүзеге асырылады.

7.2.22.2 Егер радиоизотоптық хабарлағыш ГОСТ 9.014 бойынша тотқа қарсы талаптарға, сондай-ақ бұйымның техникалық құжаттамасында мазмұндалған орауға қойылатын талаптарға сәйкес болса сынақтан өтті деп саналады.

7.2.23 Қауіпсіздік (6 т.)

7.2.23.1 Пайдалану жағдайларында, сондай-ақ жинақтау, жөндеу және реттеу жұмыстары кезінде радиоизотоптық хабарлағыштардың қауіпсіздігін тексеру ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.006, ГОСТ 12.2.007.0 реттейтін сынау әдістеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2.23.2 Радиоизотоптық хабарлағыш үстіндегі иондауыш сәулелердің эквиваленттi мөлшерінің күшін, сондай-ақ қарқындылығының мөлшерін тексеруді радиоизотоптық хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық құжаттамада көрсетілген әдіспен радиометриялық құралдарды қолдану арқылы жүргізеді.

7.2.23.3 Егер сыртқы бетіндегі иондауыш сәулелердің эквиваленттi мөлшерінің күші және қарқындылығының мөлшері радиоизотоптық хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық құжаттамада көрсетілген шамадан аспаса радиоизотоптық хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

7.2.23.4 Бұйымды өндіріске қойғанда және сертификаттау сынақтарында радиоизотоптық хабарлағыштардың радиациялық сипаттамаларын тексеруді атом энергиясын пайдалану саласында тиісті қызмет түрін жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар, белгіленген тәртіппен аккредитацияланған ұйымдар жүзеге асыруы тиіс.

А қосымшасы
(міндетті)

А.1 - кестесі - Радиоизотоптық хабарлағыштарды қабылдау-өткізу, мерзімдік және сертификаттау сынақтарының ауқымы мен бірізділігі

Бақыланатын параметр	Осы стандарт тармағының нөмірі		Сынақтар түрі		
	Жалпы техникалық талаптар	Сынау әдістері	Қабылдау-өткізу	Мерзімдік	Сертификаттау
Іске қосылу табалдырығы және қайталанғыштық	5.1.2 - 5.1.3	7.2.1	-	+	+
Ауа ағыны бағытының өзгеруіне беріктігі	5.1.4	7.2.2	-	+	+
Іске қосылу табалдырығының қалпына келгіштігі	5.1.5	7.2.3	-	+	+
Ауа ағынының әсеріне беріктігі	5.1.6 -5.1.7	7.2.4	-	+	+
Аэрозоль әсер етуі аяқталғаннан кейін іске қосылу дабылының сақталуы	5.1.8	7.2.5	-	+	+
Бақыланатын аэрозоль қоспасының шығу дабылына бірмағыналы айналуы (тек кана тақылеттес хабарлағыштар үшін)	5.1.9	7.2.6	-	-	+
Табиғаты әртүрлі түтіндерді сезуі (отқа төзімділігін сынау)	5.1.10	7.2.7	Бұйымды өндіріске қоярда жүзеге асырылады		
Жоғары температураның әсеріне беріктігі	5.3.1	7.2.8	-	+	+
Төмен температураның әсеріне беріктігі	5.3.2	7.2.9	-	+	+
Жоғары ылғалдылықтың әсеріне беріктігі	5.3.3	7.2.10	-	+	+
Дара механикалық соққыларға беріктігі	5.3.4	7.2.11	-	+	+

Тікелей механикалық соққыға беріктігі	5.3.5	7.2.12	-	+	+
Синусоидальді дірілге беріктігі	5.3.6	7.2.13	-	+	+
Тоқ кернеуінің өзгеруіне беріктігі	5.3.7 – 5.3.8	7.2.14	-	+	+
Тоқ кернеуі полярлылығының өзгеруіне беріктігі	5.3.9	7.2.15	-	+	+
Тұтынылатын қуат	5.3.10	7.2.16	-	+	+
Жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғының бар болуы	5.4.1	7.2.17	-	+	+
Салынбалы іске қосылу оптикалық индикаторының бар болуы	5.4.2	7.2.17	-	+	+
Қабықтың қорғалу деңгейі	5.4.3	7.2.18	-	+	+
Салмақ және габариттік көлемдер	5.4.4	7.2.19	-	-	+
Жинақталуы	5.5	7.2.21	+	+	+
Орау	5.6	7.2.22	-	+	-
Таңбалау	5.7	7.2.20	+	+	+
Қауіпсіздік	6	7.2.23	-	+	+

Ескерту

1 Кездейсоқ таңдама әдісімен сынау үшін сегіз хабарлағыш таңдап алынады;

2 Отқа төзімділігін сынау үшін радиоизотоптық хабарлағыштардың саны ҚР СТ ГОСТ Р 50898 бойынша анықталады

А қосымшасының соңы

А.2 - кестесі - Радиоизотоптық хабарлағыштарды сынау бағдарламасы

Бақыланатын параметр	Осы стандарт тармағының нөмірі		Радиоизотоптық хабарлағыштардың нөмірі							
	Жалпы техникалық талаптар	Сынау әдістері	1	2	3	4	5	6	7	8
Іске қосылу табалдырығы және қайталанғыштық	5.1.3	7.2.1	+							
Ауа ағыны бағытының өзгеруіне беріктігі	5.1.4	7.2.2		+						
Іске қосылу табалдырығының қалпына келгіштігі	5.1.5	7.2.3	+	+	+	+	+	+	+	+
Ауа ағынының әсеріне беріктігі	5.1.6 - 5.1.7	7.2.4			+					
Аэрозоль әсер етуі аяқталғаннан кейін іске қосылу дабылының сақталуы	5.1.8	7.2.5				+				
Бақыланатын аэрозоль қоспасының шығу дабылына бірмағыналы айналуы (тек қана тақылеттес хабарлағыштар үшін)	5.1.9	7.2.6					+			
Табиғаты әртүрлі түтіндерді сезуі (отқа төзімділігін сынау)	5.1.10	7.2.7	ҚР СТ ГОСТ Р 50898 сәйкес							
Жоғары температураның әсеріне беріктігі	5.3.1	7.2.8	+							
Төмен температураның әсеріне беріктігі	5.3.2	7.2.9		+						
Жоғары ылғалдылықтың әсеріне беріктігі	5.3.3	7.2.10			+					
Дара механикалық соққыларға беріктігі	5.3.4	7.2.11				+				
Тікелей механикалық соққыға беріктігі	5.3.5	7.2.12					+			

Синусоидальді дірілге беріктігі	5.3.6	7.2.13						+		
Тоқ кернеуінің өзгеруіне беріктігі	5.3.7 – 5.3.8	7.2.14							+	
Тоқ кернеуі полярлылығының өзгеруіне беріктігі	5.3.9	7.2.15								+
Тұтынылатын қуат	5.3.10	7.2.16								+
Жұмысқа қабілеттілігін тексеретін құрылғының бар болуы	5.4.1	7.2.17	+							
Салынбалы іске қосылу оптикалық индикаторының бар болуы	5.4.2	7.2.17				+				
Қабықтың қорғалу деңгейі	5.4.3	7.2.18		+						
Салмақ және габариттік көлемдер	5.4.4	7.2.19			+					
Таңбалау	5.7	7.2.20	+	+	+	+	+	+	+	+
Жинақталуы	5.5	7.2.21	+	+	+	+	+	+	+	+
Орау	5.6	7.2.22	+	+	+	+	+	+	+	+
Қауіпсіздік	6	7.2.23	+	+	+	+	+	+	+	+
Ескерту – Сыналатын радиоизотоптық хабарлағыштар үлгілерін нөмірлеу еркін жүзеге асырылады.										

Б қосымшасы
(анықтамалық)

Библиография

[1] СанЕжН № 5.01.030.03 «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі санитарлық-гигиеналық талаптар»;

[2] СЕ 2.6.1.758-99 (РҚН-99) «Санитарлық нормалар, иондауыш сәулелену. Радиациялық қауіпсіздік. Радиациялық қауіпсіздік нормалары»;

[3] РЗТҚЕ-99 «Радиоактивті заттарды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік ережелері».

ӘОС МСЖ 13.220.20 Ф 25

Түйінді сөздер: түтін сезетін радиоизотоптық өрт хабарлағыш, жалпы техникалық талаптар, сынау әдістері, өрт қауіпсіздігі.

ПОПРАВКИ

Код МКС 13.220.20

СТ РК 1235-2004 «Извещатели пожарные дымовые. Радиоизотопные. Общие технические требования. Методы испытаний»

В каком месте	Напечатано	Должно быть
Раздел 1	Технические требования и методы испытаний радиоизотопных извещателей, приведенные в настоящем стандарте, являются обязательными.	-

(САС №4-2011ж.)
(ИУС № 4-2011 г.)



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИЗВЕЩАТЕЛИ ПОЖАРНЫЕ ДЫМОВЫЕ. РАДИОИЗОТОПНЫЕ.

Общие технические требования. Методы испытаний

СТ РК 1235-2003

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Республиканским Государственным казенным предприятием «Специальный научно-исследовательский центр пожарной безопасности и гражданской обороны» Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям

2 ВНЕСЕН Департаментом Государственной противопожарной службы Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям

3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 31 мая 2004 г. № 144

4 Настоящий стандарт соответствует требованиям международного стандарта МЭК - 839-1-1-88 «Системы тревожной сигнализации. Часть 1. Общие требования. Раздел 1 Общие положения» в части технических требований, которые внесены в стандарт и в тексте выделены курсивом.

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2009 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Определения	3
4	Классификация	3
5	Общие технические требования	3
6	Требования безопасности	7
7	Методы испытаний	7
Приложение А	Объем и последовательность приемо-сдаточных, периодических и сертификационных испытаний радиоизотопных извещателей.	22
Приложение Б	Библиография	26

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИЗВЕЩАТЕЛИ ПОЖАРНЫЕ ДЫМОВЫЕ. РАДИОИЗОТОПНЫЕ.

Общие технические требования. Методы испытаний

Дата введения 2005.06.01

1 Область применения

Настоящий стандарт распространяется на извещатели пожарные дымовые радиоизотопные (далее по тексту - радиоизотопные извещатели) отечественного и импортного производства, реализуемые на территории Республики Казахстан, и устанавливает общие технические требования и методы их испытаний.

Положения стандарта применяются при разработке и постановке продукции на производство, модернизации и реализации продукции.

Настоящий стандарт распространяется на радиоизотопные извещатели, предназначенные для применения в качестве автоматических средств обнаружения пожара в помещениях зданий и сооружений различного назначения.

Радиоизотопные извещатели не являются средствами измерения.

Стандарт не распространяется на извещатели пожарные дымовые радиоизотопные с принудительной доставкой среды и извещатели специального назначения.

Технические требования и методы испытаний радиоизотопных извещателей, приведенные в настоящем стандарте, являются обязательными.

2 Нормативные ссылки

В настоящем стандарте использованы ссылки на следующие нормативные документы:

СТ РК 1166 - 2002 Техника пожарная. Классификация. Термины и определения.

